

Абылов Т.Т., Ишмаханов Ж.Ж.

Шиизмдегі саяси ойлардың даму ерекшеліктер

Мақалада исламның шииттік бағытындағы саяси ойдың қалыптасуы мен оның алғышарттары қарастырылады. Мақала авторлары шииттік ойшылдар мен фикһ ғұламаларының көзқарастарына талдау жасау барысында исламның шииттік бағытына тән қоғамдағы саяси биліктің табиғаты мен мәні, саяси және рухани көшбасшының рөлі, мемлекеттің құрылуы мен қызмет ету принциптері туралы идеяларды тұжырымдайды. Шииттік фикһ іліміндегі саяси ойдың дамуын төрт кезеңге бөліп қарастыра отырып, әр кезеңдегі көзқарастардың тарихи-әлеуметтік, шариғи негіздерін ашады. Мақаланың көлемді бөлігі қазіргі Иран Ислам Республикасының мемлекеттік тұғырларының қалыптасып, нығаюының саяси-құқықтық аспектілерін талдауға арналған. Авторлар аятұллаһ Хомейни, Мұхаммед Хусейн Табатаба'и, Абдулкарим Хаири, Мехди Базарган, әли Шариғати сияқты Иран интеллектуалдарының қазіргі Иранның саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени жүйесінің қалыптасып, дамуындағы рөлін талдайды.

Түйін сөздер: шиизм, саяси ой, шариғат, фикһ, фақиһ билігі, ислам революциясы, халиф, имам, Иран, конституция, демократия, ислам республикасы.

Abylov T.T., Ishmakhanov Zh. Zh.

The Features of the development of political thought in Shi'ism

The article analyses the formation and evolution of political thought in a Shia current of Islam. The authors reveal peculiarity of Shia understanding of the essence and nature of the political power, the role of spiritual leader, the principles and function of the state. On the basis of deep and substantial analyses of the view of Shia thinkers and scientists-lawyers. Allocating four periods of the development of political thought in the legal doctrine of Shia Islam authors underline the peculiar features of each stage and depict theological basis political and legal view of each era. The volume part of the article is devoted to analysis formation, strengthening and evolution of the state foundations of the contemporary Islamic Republic of Iran. In this part of the article researchers open a contribution of such intellectuals of Iran as ayatollah Khomeini, Mohammad Hossein Tabatabai, Abdulkarim Hairi, Mehdi Bazargan, Ali Shariati in the development of political, economic and sociocultural system of contemporary Iran.

Key words: Shia Islam, political thought, Sharia, fiqh, power of the fakikh, Islamic revolution, Caliph, imam, Iran, constitution, democracy, Islamic republic.

Абылов Т.Т., Ишмаханов Ж.Ж.

Особенности развития политической мысли в шиизме

В статье анализируется становление и эволюция политической мысли в шиитском течении ислама. Авторы статьи на основе глубокого и содержательного анализа воззрения шиитских мыслителей и ученых-правоведов раскрывают своеобразие шиитского понимания сущности и природы политической власти, роли духовного лидера, принципы формирования и функционирования государства. Выделяя четыре периода развития политической мысли в политическо-правовой доктрине шиизма, авторы подчеркивают особенности каждого этапа и раскрывают теологические основы политическо-правовых воззрения каждой эпохи. Объемная часть статьи посвящается анализу становления, укрепления и эволюции государственных устоев современной Исламской Республики Иран. В этой части статьи исследователи раскрывают вклад таких интеллектуалов Ирана, как аятолла Хомейни, Мохаммед Хусейн Табатаба'и, Абдулкарим Хаири, Мехди Базарган, Али Шариати, в развитие политико-экономической, социокультурной системы современного Ирана.

Ключевые слова: шиизм, политическая мысль, шариат, фикх, власть факиха, исламская революция, халиф, имам, Иран, конституция, демократия, исламская республика.

ШИИЗМДЕГІ САЯСИ ОЙЛАРДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қазіргі кезде біздің елде, сонымен қатар шет елдерде де исламға, оның адамзат тарихындағы орны мен әлемдік саясаттағы рөліне деген қызығушылық күн өткен сайын артып келеді. Ислам мұсылмандардың қоғамдық-саяси, экономикалық, отбасылық-тұрмыстық өмірінде өзінің ықпалын сақтауда. Алғашқы даму кезеңінен бастап-ақ, ислам әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік құрылымды жасаудың идеологиялық және саяси негізі болды. Исламдағы алғашқы суннит және шиит болып бөлінудің себептері де осы саяси-әлеуметтік мәселелермен байланысты еді.

Мұхаммед пайғамбардың өлімінен соң іле-шала мұсылман үмбетінде оның ізбасарын таңдауға қатысты таластар туындады. Сырттай бұл таласты жекелеген тұлғалар көтергенімен, шын мәнінде, таластың объектісі мемлекеттің саяси негізі болған еді.

Шииттер Пайғамбардың шынайы мұрагері ретінде тек Әли, ал одан кейін оның ұрпақтарынан он екі имам мен оның жары Фатима (Пайғамбардың қызы) лайықты деп сенеді. Сәйкесінше, Пайғамбардан соң орын алған халифат, оның ішінде «әділетті» халифтердің басқаруы да заңсыз болып саналады. Осы көзқарастары үшін шииттер өздері мен имамдарын «заңсыз» билік қудалады және жәбір көрсетті деп есептейді [1, 202 б.].

Исламдағы шииттік саяси ойлар туралы мәліметтерді Құран Кәрімнің кейбір аяттарынан (мысалы, шииттер Маида сүресінің 3-аятын Әлидің имамдығы туралы деп санайды), шииттік хадис жинақтарынан, «күнәсіз» имамдардың кейбір ғибратты сөздерінен, «Сийасат-нама» (Саясат кітабы) және «Андарз-нама» (Өсиет кітабы) сынды түрлі философиялық және саяси-әлеуметтік жинақтардан, шииттік теологиядағы пайғамбарлық, имамат және ғайып бөлімдерінен кездестіреміз.

Ирандағы ислам революциясының жеңісінен кейін (1979 ж.) саяси мәселелер жайлы көптеген кітаптар мен трактаттар жазылды. Оған дейін шииттік фикһта (ислам юриспруденциясы) билік және саясат мәселесіне қатысты арнайы тараулар болмаған еді. Сол кезеңнің фикһ ілімінде адам бостандығы мен құқығына қатысты тараулар болғанымен, жалпы азаматтық құқықтық актілері мен негізгі құқық тақырыптары сунниттік фикһпен салыстырмалы түрде алғанда өте аз қамтылды. Мұның себебі,

тарихта шииттердің діни азшылықты құрап, олардың билік құрылымдарынан алыс болғандықтарымен түсіндіріледі.

Шииттік фикһ іліміндегі саяси ойдың дамуын он екінші «жасырын» имамнан бастап (873-874 жж.), қазіргі кезге дейінгі аралықты төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы кезең (X ғ. екінші жартысы – XVI ғ. алғашқы жартысы) шииттік дербес фикһтің дамуы мен гүлденген уақыты. Шииттік құқықтың аса ірі өкілі шейх Әл-Муфидтің (948-1022) билік пен басшылыққа қатысты кейбір пікірлеріне қарамастан, жалпы осы кезеңдегі шииттік фақиһтердің еңбектерінде саяси мәселелер көп кездеспейді деуге болады. Оларда шынайы билік иесі саналатын имамның келетін кезеңі әлі туындамады деген түсінік негізгі тоқтам болды.

Екінші кезең XVI ғ. ортасынан басталып, Ирандағы шииттік ағымның ресми беделінің артуымен және Сефеуидтер (1502–1736) мен Қаджарлардың (1796–1924) басқару кезеңінде фақиһтердің рөлінің салыстырмалы түрде күшеюімен сипатталады. Бұл кезеңнің фақиһтері белгілі бір деңгейде «исламдық басқарудың» дәстүрлі формаларын орнатты және қазылық, шарифат ережелерін орнату, жұма намаздарын өткізу секілді мәселелерге бақылау жасай бастады. Олар Сефеуидтер мен Қаджарлардың билігінің заңдылығын діни тұрғыдан қамтамасыз етті, ал өздері аталған басқарушы әулеттер арқылы билік құрылымына кіруге мүмкіндік алды. Бұл кезеңнің фақиһтері шарифат пен зайырлы (азаматтық) құқықтың арасында нақты шекараны белгіледі. Қазылық, діни қағидалармен өмір сүру сияқты шарифат істерін олар дін ғұламаларының күзіретіне қалдырып, ал саяси және азаматтық құқық мәселелерін, қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ел билеушілерінің міндетіне жатқызылды. Сондай-ақ бұл кезеңде «исламдық басқарудың» шииттік теориясына кіріспе ретінде сипаттауға болатын еңбектер жазылады. Атап айтқанда, бұл кезеңдегі фикһ зерттеушілерінің бірі әл-Каракидің (ө.ж. 1534) еңбектерінде «жасырын» имамның орынбасары ретінде «фақиһтің басқаруы» жайлы ойлардың айтыла бастағанын байқауға болады.

Бұл кезеңнің басқа бір ерекшелігі фақиһтердің қоғамдағы ықпалының артуы еді. Бұлай деуімізге билеушілердің толық билік иелері бола тұра, өз басқаруының заңдылығын қамтамасыз ету үшін фақиһтердің кеңесіне жүгінулері себеп болды. Аса танымал шииттік фақиһтердің бірі Мұхаммед Бәкір әл-Маджлиси (1628–1699) Сефеуидтердің билігіннің мүмкіндіктерін

шиизмнің әлеуметтік негізін бекітуге кеңінен пайдаланып, басқа жағынан шах Құсайын Сұлтан билігінің заңды болуына ат салысты. 1691 ж. шахтың арнайы жарлығымен ол «шейх ул-ислам» лауазымына тағайындалады.

Кейіннен арнайы мәселе ретінде «Уилайат-е фақиһ» (Фақиһ билігі) институтын жан-жақты қарастырған алғашқы шииттік фақиһ, Қаджарлар билігі кезінде өмір сүрген молла Ахмад Нараки (ө.ж. 1819) еді. Ол өзінің «Фауаид ул-айям» (Күндердің пайдасы) атты кітабында аталмыш мәселенің объективті және субъективті аспектілерін жан-жақты қарастырады. Ахмад Нараки алғаш рет дін ғалымдарының саяси міндеттері туралы нақты айта отырып, қоғам өміріндегі тәртіп пен тұрақтылықты қамтамасыз ету олардың тікелей міндеті деп санайды. Ал оның шәкірті, атақты фақиһ, шейх Муртада Ансари (ө.ж. 1865) өз ұстазын сынап, фақиһтің құзыреті абсолютті емес, шектеулі деген [2, 101-102 бб.].

XX ғ. басында Иранда конституциялық қозғалыстар күшейіп, Қаджарлар монархиясы әлсірей бастады, бұл өз кезегінде қоғамның саяси, діни және әлеуметтік өмірінің түбірімен өзгеруіне алып келді. Кейбір саясаткерлердің дәстүрлі Иран қоғамын реформалауға ұмтылуы, Ресеймен соғыстың ауыр зардаптары, сондай-ақ батыстық мәдени құндылықтардың ене бастауы исламдық ойдың дәстүрлі формаларына қарсы негізделген белгілі бір тенденциялардың шығуына жағдай жасады.

XIX ғ. ортасынан бастап шииттік ғұламалардың саяси мәселелерге қатысты қызығушылығы екі жағдаймен байланысты болды: біріншісі, ақыл мен ижтиһад принциптерін кеңінен қолданушы усулшы-фақиһтердің көбінде Құран мен ахбарлардың формалды аспектілеріне сүйенетін дәстүршіл фақиһтерді жеңуі болса, екіншісі, алып империалистік державалардың ел істеріне килігіп, ел билігінің қанаушылыққа жол беруіне қарсы болу реакциясымен байланысты еді [3, 168 б.].

Мысалы, 1890-1892 жж. еуропалықтармен жасалған «темекі келісімі» Иранның ұлттық мүддесіне кереғар деп бағаланып, Мухаммад Хасан Ширази бастаған дін адамдарының қарсылығына тап болды. Конституциялық қозғалыс ирандықтардың ұлттық оянуының деспоттық режимге қарсы және заң мен тәртіпті орнатуға ұмтылуының көрінісі болды. 1906 ж. конституциялық революция шииттік саяси сананың өзгеру процесінің шырқау шыңы болғандығын көрсетті. Бұл революция дәстүрлі ислам мәдениетінің Ирандағы батыс өркениетінің жетістік-

теріне алғашқы қарсылығының көрінісі болып, бұған қоғамның түрлі тап өкілдері тартылды [4, 36 б.].

Конституциялық қозғалыс кезеңі қоғамда және шииттік фақиһтер санасында жаңа түсініктер мен мәселелердің пайда болуына себеп болды. Бұл қозғалыс конституцияны қабылдау арқылы монархияны елдің негізгі заңына тәуелді етті. Шииттік діни басшылық азаматтар құқығы, еркіндік, әділеттілік, қоғамдық бақылау, билік бұтақтарының қызметін шектеу, халық өкілдері, дауыс беру, теңдік, заң және конституциялық басқару сынды маңызды саяси түсініктерге тап болды. Бұл фикһ ілімінде екі тенденцияға жол ашты. Біріншісі, дәстүрлі тенденция конституционализмді қабылдау мен алдыңғы жүйені қорғауға негізделді. Бұл тенденция жақтастары фақиһтер тек тұрмыстық мәселелерде ғана күзіретті, ал мемлекеттік басқару мен саясат өздері мойындаған заңды билеушінің күзіреті деп санады. Екінші тенденция конституционализм мен шарифатты қатар қарастырып, фақиһтер келісіміне сүйенетін конституциялық басқаруға негізделді.

Конституциялық қозғалыс кезеңіндегі мойындалған екі фақиһ – «Танбих ал-умма уа-танзих ал-милла» (араб.: Үмбетті ояту және дінді тазарту) кітабының авторы Мухаммад Хусейн ән-На'ини (1273-1314 х.ж.) мен «Хормат-е маршрут» (парсы.: Конституционализмнің харамдығы) еңбегінің авторы шейх Фадлуллаһ ән-Нуридің (1843-1909) саяси көзқарастары шииттердің саяси санасына түбегейлі өзгерістерге алып келді. Ән-На'инидің көзқарастары шииттік фикһ тарихында діни ережелер мен демократия арасында «үндестікті» орнатпақ болған алғашқы ұмтылыс еді. Ол фақиһтер биліктің заң шығарушылық қызметін қадағалап, заңдардың шарифат талаптарына сай болуын бақылай алуы керек деп санады. Ал Шейх Фадлуллаһ шарифат мәселелері, қазылық секілді істер «жасырын» имам орынбасарларының (яғни, фақиһтердің) күзіретіне кіреді. Тек биліктің азаматтық (зайырлы) аспектілері ғана мұсылман басшының күзіретіне жатады дегенге сенімді болды [5, 82 б.].

Ирандағы конституциялық қозғалыс монархиялық жүйені жеңуге жақын болды. Алайда Каджарлар әулетінің соңғы өкілі Ахмад-шах тақты тастап, Еуропаға қашқан кезде бұл қозғалыс өз ішінде алауыздыққа ұшырады да, қозғалыс күшпен басылды. Билікке Реза-шах Пехлеви (билік құрған жылдары 1925–1941) келіп, өзін ел басшысы ретінде жариялады.

Түркиядағы Мұстафа Кемал Ататүрік сияқты Реза-шах та Иранда зайырлы мемлекет құрып,

елдің әлеуметтік өміріне шииттік ғұламалардың араласуын азайтуға тырысты. Ағылшындардың қолдауына ие болған ол елде мемлекеттік билікті күшейтуде біршама жетістіктерге жетеді және бірқатар реформаларды жүзеге асыруға кіріседі. Бірақ шах билігінде деспотияның белгілері көрініс берген кездерде аз болмады. Ал оның Иран қоғамында діннің ықпалын азайтпаққа тырысуы, әсіресе әйелдердің орамалына (хиджаб) тыйым салу шаралары дін адамдарының қатты қарсылығына тап болды.

Реза-шахтың билігі оның ұлы Мұхаммед Реза-шахқа (басқару жылдары 1941-1979) ауысқаннан соң, реформалар өз жалғасын табады. XX ғ. екінші жартысында Иранда ұлттық қозғалыстардың белсенділігі артады. Халық арасында танымал саясаткер, ел премьер-министрі, доктор Мохаммед Мосаддық (1882-1967) Иранда республикалық басқаруды орнатуға ұмтылыстар жасайды және шама шарқынша шахтың күзіретін азайтпаққа тырысады.

Мұнай өндірісін мемлекет меншігіне қайтарып, ағылшындық ықпалдан құтылуға тырысқан Мосаддық бастаған қозғалыс біршама жетістіктерге де жетеді. Діни басшылық пен ұлтшыл күштердің бірігіп әрекет етуінің арқасында Ирандағы мұнай өндірісі мемлекет меншігіне қайтарылады. Мосаддық өкіметінің ықпалы артып, 1953 ж. шах елді тастап кетуге мәжбүр болды. Алайда қысқа уақыт ішінде АҚШ-тың жоспарлауымен мемлекеттік төңкеріс жасалып, шах Иранға қайта оралады да, доктор Мосаддықты сол жылдың 19 тамызында премьер-министр қызметінен түсіреді.

60-шы және 70-ші жылдары Иранның саяси сахнасында рухани көшбасшылар аятуллаһ Хомейни (1902-1989) мен Құранға рационалистік түсініктемелер жазуымен танымал болған аятуллаһ Мұхаммед Хусейн Табатаба'и (1903-1981) сынды тұлғалар шықты. Осы кезде Аятуллаһ Абдулкарим Хаиридің (1859-1937) бастамасымен Ирактағы ан-Наджафтан Ирандағы Кумм қаласына көшірілген шииттік рухани оқу орны өзінің қайта жандану кезеңін бастан кешірді. Ондағы фақиһтердің лекцияларында саяси тақырыптар мен мәселелер талқылау және сараптаудың пәніне айналды.

Университеттік орталарда секуляристік қозғалыстармен қатар, мұсылмандық интеллигенцияның жаңа қозғалысы құрыла бастайды. Бұл қозғалыс жетекшілерінің арасында кейіннен аятуллаһ Хомейнидің өзі жоғары мемлекеттік лауазымдарға ұсынған Мехди Базарган (1907-1995) сынды белгілі тұлға болды. Мехди Базарган ин-

теллегенция өкіліне жағады әрі Куммдағы рухани тұлғалармен әрдайым байланыста болған. Ол жаңару мен дамудың жақтастары болатын және өз діни сенімдеріне берік жастарды тәрбиеледі. Базарған исламның рационалистік және прогрессивті аспектілерін көрсетуге тырысты және өз еңбектерінде исламдық либерализмнің артықшылықтары жайлы сөз етеді [6, 223 б.].

1979 ж. Ирандағы Ислам революциясының орын алуында маңызды рөл ойнаған ойшылдардың арасында атақты социолог және революция қайраткері Әли Шариғатиді (1933-1977) атауға болады. Діни отбасынан шыққа ол, Францияда білім алған. Әли Шариғати өзінің жалынды сөздерімен жас ұрпақтың діни және саяси санасын арттыруда үлкен әсерін тигізді. Ол социологиялық теориялар шеңберінде өзіндік ислам социализмі туралы насихаттады. Ол көпшілік қабылданған кейбір ережелерді және ислам тарихына қатысты түрліше көзқарастарды сынға алды. Сонымен қатар сын садағына басқарушы шах режимімен ауыз жаласқан дін өкілдерінің бір бөлігі де ілінді. Әли Шариғати шиизмдегі діни ережелер ретінде енген кейбір дәстүрлердің исламдық негіздері жоқ екендігін айтты. Ол шиизмнің шынайы табиғатына сай келмейтін ырым-жырымдардың көпшілік санасына енуіне жол берген діни басшылықты қатты сынға алды. Бұл процесс өз шыңына алғашқы кездегі шииттік ілімнің принциптеріне қарамастан заңды деп табылған Сефеуидтер дәуірінде жетті деп есептейді. Әли Шариғатидің сындары дінді зорлық-зомбылықпен байланыстыру және басқа да жаңылыс түсініктерге қарсы бағытталды. Әли Шариғатидің идеялары жалпы халық арасында танымал болса да, дін адамдарының консервативті бөлігінің қарсылығын тудырды [7, 25-26 бб.].

Жоғарыда аталған ойшылдардың позициялары мен зерттеу әдістері әртүрлі болса да, оларды біртіндеп күш ала бастаған шахтың озбырлығына қарсы күрес біріктірді. Олар шах режимі тарапынан айыпталып, жазалау мен қудалауға ұшырады. Шах режиміне қарсы шыққан Аятулла Хомейни 1963 ж. Иракқа жер аударылады. 1978 ж. дейін Иракта болған уақытында ол ан-Наджафтағы діни оқу орнында қызметін жалғастырып, Ирандағы революциялық күштермен үнемі байланыста болды. Оның саяси идеялары 1969 жылы Иракта жеке кітаптар түрінде жарыққа шықты. Кейіннен имам Хомейнидің фикһ туралы ойлары өзінің «Кашф ал-асрар» (Сырларды ашу), «ар-Раса'ил» (Трактаттар), «Тахрир ал-уасила» (Мақсатқа жету жолдарын баяндау),

«ал-Маджму'а» (Жинақ) және «Сахифа-йе нур» (Нұр парақтары) атты шығармаларынан көрініс тапты.

Имам Хомейни ислам өзінің көптеген ережелерін жүзеге асыруы үшін билікті қажет етеді және фақиһтер соған сәйкесінше шаралар жасауы керек, атап айтқанда, озбыр билеушілерге ашық қарсы шығуы тиіс деп санады. Ол «әділ имамның» абсолютті билігінің қажеттілігін айтты, барлық билік құқықтары берілуі керек деп есептеді. Ол шиизмдегі дін мен саясаттың байланысы теориясын кемелдендіріп, Ислам революциясының идеологиялық негіздерін қалады. Революцияның жеңісінен кейін, бірінші кезектегі парыз есебінде «исламдық басқаруды» қорғау қажеттілігі теориясын көтеріп, діни мемлекеттің негіздерін бекіту үшін өзіндік реалистік әдістерді пайдаланды.

Имам Хомейнидің позициясының негізінде ислам дініндегі басты парыздардың бірі – «жақсылыққа бұйырып, жамандықтан тыю» (әл-әмр бил мааруф уа-н-нахй аани-л-мункар) принципі жатыр. Имам Хомейни мұсылман үмбетінде тирандық биліктің болуы жағымсыз жайт, ал ондай билікті қолдау үлкен күнә деп санады. Ол тирандық биліктің күшеюіне алып баратын дін ғұламаларының үнсіздігі – харам (тыйым салынған), озбырлыққа қарсылық және оны жек көру – уәжіп (міндетті), ал «ислам билігін» орнату – ең жақсы сауапты іс деп жариялады [8, 18 б.].

Фақиһтің құзіретін абсолютті билікке дейін кеңейту мен мемлекет туралы монолитті теорияны көтеру имам Хомейнидің енгізген өзіндік жаңалығы еді. Осыған байланысты оның теориясын «фақиһтің абсолютті билігі туралы ілім» деп атауға әбден болады [9, 27 б.].

Ислам революциясының жеңісіне дейін бірнеше ай ішінде, барлық саяси күштердің өзара әрекеттестігі жағдайында имам Хомейнидің бастамасыменен көтеріліске шыққан халықтың «Ислам билігі» ұраны «Ислам республикасы» терминімен орын алмастырды. 1979 ж. қабылданған елдің конституциясында «салыстырмалы түрде кең құзіретке ие фақиһ билігі» деген анықтама енгізілді. 1989 ж. имам Хомейни өмірінің соңында, оның ұсынысымен конституция қайта қаралып, 57-бапқа сәйкес «фақиһтің абсолютті билігі» туралы теория заңды түрде жүзеге асуына мүмкіндік алды [10, 48 б.].

ИИР Президенті мен парламент депутаттарын (Маджлисе Шура-йе ислами – парсы. Ислам Кеңесінің Мәжілісі) тікелей халық сайлайды, ал елдің көшбасшысын жалпыхалықтық дауыс беру ақылы сайланған Эксперттер Кеңесінің (пар-

сы.: Маджлис-е хобареган) мүшелері таңдайды. Әрине, сонымен қатар елде исламдық басқарудың ерекшеліктеріне кепілдік беріледі. Көшбасшы (парсы.: Раһбар) елдің бас жетекшісі болып табылады, оған барлық мемлекеттік құрылымдарға бақылау жасау қызметі жүктелген. Тіпті парламент депутаттары мен Эксперттер кеңесінің мүшелерінің кандидатураларынан бастап сайлау тізіміне енгізуге дейінгі шаралар ел көшбасшысы тағайындаған Фақиһтер Кеңесінің келісімімен ғана жүзеге асады.

Революцияны жасап, конституциялық жүйені орнату үшін республикалық және исламшыл бағыттардың жақтастарын бір тудың астына жинай алуы имам Хомейнидің жетістігі еді. Осылайша, ол өз уақытысында Ирандағы конституциялық қозғалыстың сәтсіздігіне себеп болған кедергіні аттап өте алды. Аталған екі бағытты біріктіру Ислам республикасының заңдылығын мойындауда негіз болды.

1979 ж. Ислам республикасының жеңісінен кейін барлық революцияға қатысқан күштер үкіметтен орны алуға ұмтылған тұста, биліктің үлгісіне және оған қатысқан әрбір мүдделі топтың дәрежесіне қатысты таластар туындады. Алайда имам Хомейнидің тұлғасы және оған тән харизматикалық қасиеттер таластар барысында шешуші рөл ойнады. Бұл қасиеттер оның куммдық мужтаһидтер мен ғұламаларды өзі жетекшілік етіп отырған революцияның дұрыстығына және оның дін мен саясатты біріктіруге бағытталғандығына сендіре алуына мүмкіндік берді.

Төңкерістің басталуына бір жыл қалғанда аятуллаһ Хомейни шахқа қарсы саяси коалицияның көшбасшысы ретінде мойындалған еді. Ол өз үндеулерінде экономикалық қиындықтарды, халықтың өмір сүруінің төмен деңгейін, мемлекеттік құрылымдардағы парақорлықты, экономиканың американдық капиталға бағынышты болуын алға тартып, халықты аталған жағдайлармен күресуге шақырды. Халықтың өз тағдырын айқындау құқығы, сондай-ақ халықтың шахты сайлай алмауы және шахтың діни заңдарға құрметсіздігі имамның үндеулерінде көтерілген негізгі тақырыптар болды.

1989 ж. 2 ақпанда миллиондаған ирандықтар имам Хомейниді ақтық сапарға шығарып салды. Ол Тегеранға жақын маңдағы Бехеште Захра атты кварталда жерленеді. Имамның ізбасары болып, оның жақын серігі және шәкірті аятуллаһ саид Әли Хаменеи (1939 ж.т) сайланады.

Иран Ислам Республикасының құрылуы шииттік фикһ ілімінде үлкен өзгерістер тудырды. Ирак, Ливан мен Иранның өзінде «ислам-

дық басқарудың» қажеттілігі принципіне байланысты имам Хомейнидің саяси көзқарастарынан өзгеше ойлар айтқан шииттік ғұламалар пайда болды. Алайда олардың барлығы «діни халық билігін» бір ауыздан қолдады.

Сондай ойлардың бірі ирактық ғалым, аятуллаһ Мұхаммед Бәкір Садрға (1935-1980) тиесілі, ол «рухани тұлғаның бақылауындағы халық билігі» деп аталады. Өзінің реформаторлық идеяларымен танымал болған саид Мұхаммед Бәкір Садр Исламдағы саясат пен экономика мәселелерін терең зерттейді. Садр фақиһтермен кеңесіп басқарылатын халық билігі қажет деп санады. Ол өзінің мемлекет туралы көзқарастарын «әл-Ислам йақуду әл-хайат» (араб.: Ислам өмірді басқарады) кітабында баяндайды [11].

Сонымен қатар ливандық ғұламалар Мұхаммед Джауад Муғниһа (1904-1979) мен Мұхаммед Махди Шамс уд-диннің (1936-2001) «Сайланбалы ислам мемлекеті» атты теориясын атауға болады [12]. Биліктің сайланбалы болуын қолдай отырып, олар басшылық пен фақиһтің құзіретінің барынша шектеулі болуы керектігін айтты.

«Фақиһ билігінің сайлану шарты» атты келесі теорияның авторы Ислам төңкерісіне үлкен әсер еткен имам Хомейнидің жақын серігі аятуллаһ Хусейн Әли Мунтазири еді. Оның теориясына сәйкес, «фақиһ билігі» жалпыхалықтық сайлаумен байланысты болуы керек. Басқаша айтқанда, фақиһ билігінің заңдылығы барлық азаматтардың сайлауына байланысты, ал басқарушы-фақиһтің құзіретін ел Конституциясымен анықталуы тиіс [13, 92 б.].

Жақын уақыттарда айтылған танымал теориялардың бірі аятуллаһ Мехди Хайериге тиесілі. Оның теориясын «фикһ билігі» деп атауға болады. Бұл теорияда шииттік құқықта бірінші рет билік бүкіл халықтың игілігі ретінде мойындалады. Хайери фақиһтің саясаттағы орны мен рөлін айқындап, ислам мемлекетінде «фақиһ билігі» міндетті емес екендігін, яғни ел басшысының фақиһ болмаса да басқара алатындығын айтады [14, 180 б.].

Қорытындылай келе айтпағымыз, Иран, Ирак, Сирия, Ливан, Йемен сияқты елдердегі қазіргі кезде орын алып жатқан саяси оқиғалар шиизмнің саясатты пайдалану потенциалының жоғары екендігі көрсетеді. Шииттік дәстүрлі саяси ой мұсылман елдеріндегі моральдық және идеологиялық салаларда аса маңызды орнын әлі де ұзақ сақтап қала береді. Дегенмен, соңғы кездері шииттік саяси ойда орын алған либералды-демократиялық өзгерістердің жалғасуы мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Әдебиеттер

- 1 Мамиров М.З. Книга исламских сект и вероучений. – М.: ТВК «Исламский мир», 2007. – 472 с.
- 2 Кулюшин Н.Д. Шиитская модель теократии: от имамата к вelayat-e факих // Политика. – М., 2007. – № 4 (47). – С. 90-103.
- 3 Базиленко И.В. Особенности эволюции религиозно-философской доктрины шиизма в историко-культурном пространстве мусульманского востока // Христианское чтение.– СПб., 2010. – №1. – С.154-173.
- 4 Дорошенко Е. Шиитское духовенство в двух революциях: 1905-1911 и 1978-1979 гг. – М.: Институт востоковедения РАН, 1998. – 240 с.
- 5 Санаи М. Мусульманское право и политика: учебное пособие. – М., 2004. – 96 с.
- 6 Скляр Л.Е. Иран 60-80-х годов: традиционализм против современности. – М.: «Наука», 1993. – 255 с.
- 7 Исламская интеллектуальная инициатива XX века / Под общ.ред. Г.Д. Джемалы; сост., комм. Ежова А. – М.: Издательский дом «УММАН», Изд-во «Социально-политическая МЫСЛЬ», 2005. – 336 с.
- 8 Хомейни. Правление факиха (Исламское правление) / ред. Н. Мамед-заде. – Тегеран: Институт по сбору и изданию трудов имама Хомейни, 2006. – 81 с.
- 9 Махмутов Т. Рухолла али Мусави эл Хомейнидің ислам жолындағы күресі мен өмірі // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2009. – №1 (46). – 23-29 бб.
- 10 Хайдаров Б.К. Ирандағы президент сайлауы және президенттің құқықтары // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2009. – №2 (47). – 48-51 бб.
- 11 Әс-Садр М. Әл-Ислам йақуд әл-хайат. – Тегеран: «Уизарату әл-иршади әл-ислами», 1403 х.ж. – 230 б.
- 12 Мугһния М. Әл-Хумайни уа әд-даула әл-исламия. – Бейрут, 1979. Шамс ад-дин М. низам әл-хукм уа әл-идара. – Бейрут, 1411 х.ж.
- 13 Тридцать лет исламской революции в Иране. Сборник статей / отв. ред. А.С. Федорова. – М., 2009.
- 14 Религиозное народовластие: сущность, определяющие компоненты и основные вопросы / ред. И. П. Ступакова. – СПб.: «Петербургское Востоковедение», 2009. – 416 с.

References

- 1 Mamirov M.Z. Kniga islamskih sekt i verouchenij. – M.: TVK «Islamskij mir», 2007. – 472 s.
- 2 Kuljushin N.D. Shiitskaja model' teokratii: ot imamata k velajat-e fakih // Politija. – M., 2007. – № 4 (47). – S. 90-103.
- 3 Bazilenko I.V. Osobennosti jevoljucii religiozno-filosofskoj doktriny shiizma v istoriko-kul'turnom prostranstve musul'manskogo vostoka // Hristianskoe chtenie.– Spb., 2010. – №1. – S.154-173.
- 4 Doroshenko E. Shiitskoe duhovenstvo v dvuh revoljucijah: 1905-1911 i 1978-1979 gg. – M.: Institut vostokovedenija RAN, 1998. – 240 s.
- 5 Sanai M. Musul'manskoe pravo i politika: uchebnoe posobie. – M., 2004. – 96 s.
- 6 Skljarov L.E. Iran 60-80-h godov: tradicionalizm protiv sovremennosti. – M.: «Nauka», 1993. – 255 s.
- 7 Islamskaja intellektual'naja iniciativa HH veka / Pod obshh.red. G.D. Dzhemalja; sost., komm. Ezhova A. – M.: Izdatel'skij dom «UMMAN», Izd-vo «Social'no-politicheskaja MYSL'», 2005. – 336 s.
- 8 Homejni. Pravlenie fakiha (Islamskoe pravlenie) / red. N. Mamed-zade. – Tegeran: Institut po sboru i izdaniju trudov imama Homejni, 2006. – 81 s.
- 9 Mahmutov T. Ruholla ali Musavi al Homejnidiң islam zholyndagy kuresi men omiri // KazUU habarshysy. Shygystanu serijasy. – 2009. – №1 (46). – 23-29 bb.
- 10 Hajdarov B.K. Irandagy prezident sajlauly zhane prezidenttin kukkyktary // KazUU habarshysy. Shygystanu serijasy. – 2009. – №2 (47). – 48-51 bb.
- 11 As-Sadr M. Al-Islam jakud al-hajat. – Tegeran: «Uizaratu al-irshadi al-islami», 1403 h.zh. – 230 b.
- 12 Mugniya M. Al-Humajni ua ad-daula al-islamija. – Bejrut, 1979. Shams ad-din M. nizam al-hukm ua al-idara. – Bejrut, 1411 h.zh.
- 13 Tridcat' let islamskoj revoljucii v Irane. Sbornik statej / отв. red. A.S. Fedorova. – M., 2009.
- 14 Religioznoe narodovlastie: sushhnost', opredelajushhie komponenty i osnovnye voprosy / red. I. P. Stupakova. – Spb.: «Peterburgskoe Vostokovedenie», 2009. – 416 s.